

Аудандық мәслихаттың 2013 жылғы 27 наурыздағы №98 "Хромтау ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Хромтау аудандық мәслихатының 2015 жылғы 31 наурыздағы № 239 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 16 сәуірде № 4309 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Хромтау аудандық мәслихатының 2017 жылғы 17 ақпандағы № 89 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Хромтау аудандық мәслихатының 17.02.2017 № 89 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі № 94 "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 97-бабының 2-тармағына және Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 270-V "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңына сәйкес, Хромтау аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Аудандық мәслихаттың "Хромтау ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3566 болып тіркелген, 2013 жылдың 30 сәуірінде аудандық "Хромтау" газетінде жарияланған) 2013 жылғы 27 наурыздағы № 98 шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Хромтау ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Ережесінде:

1 тармақ мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Тұрғын үй көмегі Хромтау ауданы мен Хромтау қаласының аумағында тұрақты жекешелендірілген тұрғынжайларда тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстары отбасы бюджетінің осы мақсаттарға шекті рұқсат етілетін шығындарының үлесінен асатын жағдайда ұсынылады.";

1 тармақтағы екінші абзацы мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

"Жекешелендірілген тұрғынжайларда тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй

қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстары үлесінің шегі отбасының жиынтық табысының 8 пайызы мөлшерінде белгіленеді."

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың
сессия төрағасы
Н.Арсений
Б.Ашабаев*

*Аудандық мәслихат
хатшысының міндетін
атқарушы*